

Ғ.МҮСРЕПОВ ПЬЕСАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Біздің қазақ халқы «драма, театр» деген ұғымдарды бертінде ғана кеңінен қолдана бастады. Осы саладағы шоқырақтау себебіміздің өзінің ұңғыл-шұңғылдары біршама талқыланған. Оның әлі де талқыланып, талдана берері де даусыз. Драматургия – таусылмас әңгіме. Оның тағы бір басқа сыры ол оның құрылымының қиындығында, көлемінің өлшемділігінде, жанрлық тұрғыда әдебиеттің бір «перзенті» болғанымен, театр сахнасымен, яғни, актерлер, режиссерлер, тіпті де суретші, әрлеуші, сазгерлер әулетімен тығыз байланыстылығында да. Проза мен поэзия саласы жазылған бетте, автордан оқырмандар қолына түссе, ал драматургия бола театр арқылы ғана көрерменінің жүрегіне жетеді. Тағы да ол қалай жетеді? Ол қай қалыпта жетеді? Міне барлық қиындық осында. Небәрі алпыс-жетпіс бет аумағында, екі сағат төңірегінде алған тақырыпты ақырына дейін тақырлап тәмәмдап, үлкен тартыс құрып, көрген бойда есінде қалып қояр соқталы кейіпкерлер сомдап шығу оңай міндет емес. Ал, оны қоюшы-режиссерге де пьесаның сахнада қойылуы үлкен жұмыс. Өйткені, әдебиет жекпегі-жегі тұсында автордың әуелгі ой-идеялары көрермен жүрегіне режиссердің сахнада қойған қойылымы арқылы жетпек. Негізгі қиындық та, қиналыста осы тараптан ізделуі қажет. Драматургиямен тұрақты, жүйелі түрде тапжылмай тайталасу да негізінен көп жағдайда адамды қажытады. Жүйкенді құртып, жаныңды жүдетеді. Премьерадан премьерға шаршап-шалдығып жетесің. Кезінде «көрмегеніп осы болсын» деп пьеса жазудан бас тартып, ат тонын ала қашқан А.Чеховтың жағдайы түсінікті. Өйткені, Петербургтегі Александрия театрында А.Чеховтың «Шағала» пьесасы сәтсіздікке ұшырағаны барша жұртқа мәлім. Осы шығарманы кейін әлем жұртышылығына қайта табыстырып, әлемге әйгілі еткен орыстың ұлы режиссері Владимир Немирович-Данченконың Мәскеу академиялық көркем театрында қойған қойылымы болатын. Сөйтіп классик авторы А.Чеховтың аты мәңгіге театр тарихына қалдырып кеткен болатын. Демек, тәуір дүние театр төрінен қалай тіл қатады? Ол – театр қауымының қолындағы ғажайып емес пе? Сол себепті де, орыс жазушысы Л.Толстой бұл жанрға «баланың ойыны» тұрғысынан қарасы, ұлы М.Әуезов: «Өзі бір кесірлі де кертартпа, қиын сала» деп әдебиеттің осы драматургия жанрын кейде кінәлай сөйлеген кездері де болған. Аты аңызға айналған В.Шекспирдің өзі де әлем сахнасына шығудың мол машақаттарынан басы қатып жүріп, өзінің пьесалар жинағының баспаға басылған нұсқасын да көре алмай бұл дүниеден өткен болатын.

Сонымен нағыз шебер драма жазғыштар саны бізде де, өзге ұлттарда да жетіп артылып жатқан жоқ. Оның себебін, түсінгендей де болдық. Бұған қоса, тек бір ғана драматургия жанрында қалам тербесе, кез-келген қаламгердің материалдық тұрғыда болсын, рухани тұрғыда болсын дағдарысқа түсерері хақ. Оның ыстық-суығына шыдаған кісі ғана құпиялы жанрдың тұңғығына тереңдей түсері шындық. Дегенмен, естен шығармайтын бір жағдай ол драматургияның әдеби қиындығы өз алдына, оның сахналық процестерін жете білмеу – «дилетанттықтың» өзі болып табылады.

Ғалым-профессор Р.Нұрғалиев өз еңбектерінде трагедия жанрының өзін үшке бөліп қарастырады. Бірінші, эпикалық трагедия, екінші, адамгер-шілік-тұрмыстық трагедия, үшінші, тарихи трагедия.

Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің барлық жанрларының жан-жақты кемелденіп, өркендеуіне көр-кемдік үлес қосқан сөз шеберлерінің бірі – Ғабит Мүсрепов болып табылады.

Ғабит Мүсрепов жалпы әдебиетке елімізде әртүрлі ірі өзгерістер болып жатқан кезде келді. Яғни, ол өзгеріс кедейлерді коллективтендіріп, Совет өкіметі орнаған тұс болатын. Сол себепті де, Ғабит Мүсрепов қана емес, сол тұстағы ақын-жазушылардың шығарма-лырының көбі заман талабына сай өмірдің ауы шындығына байланысты қалам тербеді.

Ғабит Мүсрепов әдебиетіміздің проза саласында ғана емес, сонымен қатар, драматургия саласында да өшпес із қалдырған шебер драматург. Қазақ театрының өркендеуіне қосқан үлесін, оның драматургия саласындағы еңбектерінен аңғарамыз. «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» атты пьесалары күні бүгінге дейін театр репертуарынан үзілмей, ұлттық өнеріміздің әрдайым шарықтау биігінде тұрған шығармалар.

Ғабит Мүсрепов алғашқы драматургиядағы саласындағы еңбегін сол заманғы замандастары сияқты Ұлы Октябрь революциясына арнап жазудан бастады. Ол Бейімбет Майлинмен бірге 1931 жылы «Шабуыл» атты пьесасын жазды. «Шабуыл» драмалық пьеса, сол кездегі Ұлы Октябрь Революциясының Қазақстан жеріне әсері, халықтардың хал-ахуалы туралы жазылған болатын. Осы пьеса туралы Ғ.Мүсрепов: «Бұл пьесаны жазу үшін Қазақстанның қай жерінде, қай түрде қандай оқиғалар болды, сол оқиғаларға қазақ даласының қай табы, қалай қатысты, соның бәрін жинап, бәрін өз бойына сыйдыра алатын, тарихи баға беретін Ұлы Октябрь майданының Қазақстандағы суреттерінен бір тарихи ескерткіш ретінде жасалған бірінші пьесамыз – осы «Шабуыл» - деген болатын.

1939 жылы Ғ.Мүсрепов халық ауыз әдебиеті нұсқасын негізге ала отырып, түпнұсқасын өзгертпей, тарихи мәнін тереңдетіп, адамгершілік пен махаббаттың күйін шертетін, реалистік тұрғыда «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпикалық трагедиясын жазды. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиялық тұрғыда жазылған пьеса. Ал, трагедия – драматургия саласының ең қиын әрі күрделі жанры болып табылады. Өйткені, кез-келген өмірде кездесетін қайғылы оқиға трагедияның арқауы бола алмайды. Себебі, трагедия өмірдің нақты бір шындығын немесе тарихи мәнін әшкерелейтін, қоғамдық, әлеуметтік зор мәні бар қайшылықтардың тартысын ғана суреттей алады. Сонымен қатар, трагедияның тағы бір ерекшелігі, мұндағы басты кейіпкерлер өз еркінсіз қателіктер жасайды, ол өмірде қателеседі, адасады, осы күйге оны бір күш, жағдай мәжбүр етеді. Ақыры оған зұлымдық жасаған кейіпкер де өз жазасын тартады. Осындай кейіпкер «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасында орын алған. Басты кейіпкер махаббаттың символы болған Қозы Көрпеш зұлымдық иелері Қарабай, Жантық, Қодарға сенеді, алданады. Пьесаның басында көрсе-тілген зұлымдық, сол зұлымдық қалпында аяқталады. Зұлым Қарабай, Жантық, Қодар да халықтың қарғысына ұшырап, бірі қанжарға түссе, бірі тентіреп, безіп кетсе, енді бірі жұтап, жалаңаш болып қалады. Бұл зұлымдық жасағандарға шығарылған қатаң үкім.

Жазушы пьесада Қозы Көрпеш пен Баян арасындағы адал махаббатты ерекше суреттеген. Олар сол кездегі өз заманынан да, айналасындағы адамдардан да ешқандай мейірім, қайырым таппаған қос мұңлық. Осы екі мұңлықтың қайғылы тағдырын жазушы шебер суреттеген. Олардың бойындағы келешек жастарға үлгі боларлық жарық пен жылу, адалдық пен әділдік сезімдері де керемет жазылған.

Сонымен қатар, пьесада сол замандағы екі түрлі өмір салтының ұштасқан тұсындағы ғашық жастардың тағдыры мен өзге де қоғамдағы әлеуметтік мәселелер, яғни, жерге талас, рулық, таптық тартыстар ерекше шебер суреттелген. Автор бас кейіпкерлерін де сомдауда жазушының шығармашылық жаңашылдығы болып табылады.

Ғабит Мүсрепов ұлттық көркем драматургияның қалыптасып, дамуына өз үлесін қосты. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасын Ғ.Мүсрепов алғаш жазған кезде М.Әуезов: ««Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасы қазақ драматургиясының ғана емес, соңғы 15 жыл ішіндегі бар қазақ әдебиетінің көркем шығарма туғызу жолындағы биік белінің бірі» - деген пікірі пьесаның жоғары дәрежеде жазылғанын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қарт актер Қапан Бадыров Ғабит Мүсрепов туралы былай деген болатын: «Мен Ғабитті драматург ретінде 1936 жылы таныдым. Сол жылы ұлттық әдебиет тарихында қайталанбас ұлы тұлға, тамаша сөз зергері Бейімбет Майлин екеуі «Аманкелді» пьесасын жазып театрға ұсынады. Осы спектакльде мен Жапар ролінде ойнадым. Ол – сол бір қиыншылығынан қан тамған ұрда-жық саясаттарының

билігі жүріп кездегі, халық жауы атанып ұсталып түрмеге жабылған Міржақып Дулатовтың прототипі еді».

Ұлттық өміріміздегі ерекше мәнді оқиғаларға терең назар аударып, халқымыздың ұлы перзенттерінің ғұмырынан шығарма жазуды биік мақсат, әрі нысана еткен шебер драматург талантының асыл нәрі, алтын өзегі, тарихи зор әрекеттерде ойшыл, зерттеуші көзімен әділ танып, нәзік бейнелеуді армандаған қаламгер.

«Советтік шығыс елдері әдебие-тіміздегі жаңа жанр – драматургияның туған шағында, оның дамуының алғашқы кезеңдерінде «ескі тақырып-тарды» сахнаға шығару өте керек еді» - деп Ғ.Мүсрепов айтқан.

1934 жылы Ғ.Мүсрепов қазақ халқының лиро-эпосы бойынша «Қыз Жібек» жырына сүйеніп, «Қыз Жібек» пьесасын жазды. Өлеңмен либретто түрінде жазылған бұл пьеса да драма шарттылықтарына жауап беретін шығарма. Халық ауыз әдебиеті шығармасының нұсқасында реалистік пьеса жаасауға талпынған шебер драматург, пьесада жырдың фольклорлық нұсқасының соңын өзгертіп алады. Бірақ, «Қыз Жібек» жырының негізгі түпнұсқасын түбегейлі өзгерткен жоқ..

Қазақ халқының өнерпаздарының сан алуан буыны шыңдаған неше түрлі тамаша аңыздар, эпостық шығармалар, түрлі сюжеттер мен дайын образдар қазақ драматургтерінің алғашқы буыны үшін таптырмас байтақ қазына, кеніш болатын.

Осындай қазақ елінің халық ауыз әдебиетін иемдене салмай, оларды биік зерделі дүниетаным, реалистік шеберлік пен шешендік талантының күшімен қайта жаңғыртып, оның өрнегіне өрнек, бояуына бояу қосып, өнердің биігінен көрсете білген шебер драматург Ғабит Мүсрепов болып табылады.

Әкім Тарази «Драма жүгі» деген мақаласында «Кейіпкердің көркем образы оның сыртқы түр-тұрпатын тәптіштеп суреттеу арқылы жасалмайды, кейіпкердің көркем образы оның ой-дүниесінің тереңін мұқият қопару мұқият зерттеу арқылы, оның іс-әрекетін, іс-әрекетінің заңдылығын мұқият зерттеу арқылы, оның сөйлеу мәнерін, ойлау мәнерін, мұқият зерттеу арқылы жасалады. Бұл ретте нағыз жазушы мен ғалым анатомының арасында даусыз ұқсастық бар».

Қазақ драматургиясының даму жолында кеңінен жазылған тақырып – тарихи тақырып. Қай елдің болмасын тарихын алсаң та, сол елдің, халықтың мүддесін ойлап, күрескен атақ-данқы ұрпақтан ұрпаққа жеткен әйгілі адамдары бар. Олардың қажырлы еңбегін, күресін, армандарын бүгінгі ұрпаққа жеткізу жазушы үшін қадірлі болса әрі қиын да ауыр жұмыс. Орыс жазушысы Белинский: «Тарихи драмада, тарихты өзінің басты идеясы ғана етіп алып, тарихты түбегейлі бұзуға құқысы жоқ» - деген болатын (Белинский. Собр. соч. 1948ж. I-том, 233 бет). 1936 жылы қазақ драматургиясында алғаш Ілияс Жансүгіров «Исатай – Махамбет» атты тарихи трагедия жазған. Жалпы, драматургияда тарихи тақырыпта жазылған шығармалар баршылық. Олардың қатарына: «Аманкелді», «Абай», «Біржан-Сара», «Ақан-Зайра», «Төлеген Тоқтаров», «Әлия Молдағұлова» т.б. жатады.

Қазақ әдебиетінің драматургия саласының тағы бір биік шоғыры болып табылатын ол Ғабит Мүсреповтің 1941 жазған «Ақан сері – Ақтоқты» тарихи трагедиясы. Бұл шығарма ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақ халқының әйгілі әнші-композиторы, әрі ақыны Ақан Қорамсаұлы туралы тарихи шындық. Бұл пьеса 4 перделі, 5 суретті драма. Драматург осы шығармасының 2 түрлі нұсқасын жазған. Яғни, ол бірі драмалық шығарма болса, екіншісі «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясының опера либреттосы болып табылады. Осы опера либретоттасын жазғанда автор былай деген болатын: «Соңғы кезде опера либреттосына көңіл аударып жүрген қазақ драматургі байқалмай келеді. Себебі – драматургияның бұл саласын менсінбеуде ме, әлде тіпті драматургиямыздың өзінде жалпа мағынадағы «аялдама» бар ма? Бұл

сұрау жол-жөнекей жауап бере кетуді көтермейді. Сондықтан түркі салайық деген мәселемізден аумай-ақ қоялық. Драматургтеріміз либретто жазуға көңіл аударулары керек».

Қазақ драматургиясында тарихи тақырыпты терең меңгеруде Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсреповтің пьесаларын ерекше атап өтуге болады. М.Әуезовтің «Ақан – Зайра» атты ақындар, әншілер өмірінен алып жазылған 6 суретті күйлі пьесасы да тарихи адамның өмірінен алынып жазылған шығарма. Бұл шығармада сол заманның, қоғамның сырын терең ашып көрсетеді. Бұл трагедияда ақынның жүрегіндегі қайғы-мұң, қаталдық, зұлымдық, надандық, әділетсіздік суреттеледі. Ақанның басындағы қайғы, ашу-ызаны көрсету арқылы драматург сол замандағы, дәуірдегі ақн әншілердің өмірін, қазақ халқының басындағы ауыр халді бейнелейді. Ақан халық мүддесі үшін жауыздықпен, надандықпен күресіп, әділеттік іздеп ақыры өзі ел кезіп, тентіреп кетеді. Негізгі басты кейіпкерлер Ақан мен Зайра арасындағы махаббатты, олардың тағдырын суреттей отырып, бүкіл қоғамның тағдырын көрсетеді.

Ғабит Мүсрепов шығармашылық жолында халық өйдінң әртүрлі мәселлерін көтерді, жаңа заманға лайықты, талапқа сай жарқын бейнелер жасап, ұлттық әдебиетіміздің көркемдік қорына аса бағалы үлесін қосты. Қазіргі қазақ әдебиетінің өсіп, өркен жаюына үлесін қосқан сөз зергері, шебері Ғабит Мүсреповтің қалдырған әдеби мұрасы ешқашан ескірмейді әрі көркемдік әсерін де әлсіретпейді.

Әдебиеттер

1. Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсрепов – драматург. - А.: Өнер, 1982.
2. Мүсрепов Ғ. 5-томдық шығармалар жинағы, 4-том, - А., 1975, 79.
3. Мүсрепов Ғ. Пьесалар жинағы. - А., 1975.
4. Қуандықов Қ. Театрда туған ойлар. - А.: Жазушы, 1972., 219.
5. Нұрғали Р. Драма жүгі. - А., 2000.